

хан дәуіріне дейін әр ру өз ішкі әдет нормаларымен жүрсе, “Қасым ханның қасқа жолы” сол нормаларды ортақ арнаға түсіріп, бүкіл хандыққа ортақ құқықтық кеңістік қалыптастырды. Бұл реформалар мемлекеттің аумақтық тұтастығын, ішкі бірлігін және саяси тұрақтылығын қамтамасыз етудің негізгі тетіктерінің біріне айналды. “Қасқа жолдың” тарихи маңызы оның мазмұнында ғана емес, құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті жаңа деңгейге көтеруінде жатыр. Қасым хан заңдарының негізінде әділдік, ар-намыс, адамгершілік, жауапкершілік және қоғам ішіндегі тепе-теңдік сияқты құндылықтар тұрғаны белгілі. Осы құндылықтар құқық нормаларына айналып, билік пен халық арасындағы сенімді нығайтты. Халықтың заңға деген құрметі артып, құқықтық қатынастар ауызбіршілікке, бейбітшілікке және келісімге негізделген жаңа сипатқа ие болды. Қасым хан енгізген құқықтық реформа билер институтының беделін күшейтіп, сот билігінің әділдігін қамтамасыз етуге бағытталды. Би - тек дау шешуші тұлға емес, қоғамның моральдық тірегі, әділеттіліктің сақшысы болды. “Қасқа жол” билердің шешіміне ортақ құқықтық өлшем беріп, олардың қызметін біріздендірді. Бұл жағдай қазақ даласында құқық үстемдігін қалыптастыруға, дауларды бейбіт жолмен шешу дәстүрін сақтауға, қоғам ішіндегі бірлікті нығайтуға ерекше ықпал етті. Қасым хан дәуіріндегі құқықтық реформа Қазақ хандығының ішкі саяси құрылымын тек нығайтып қана қойған жоқ, сыртқы саясатта да мемлекет беделінің артуына жағдай жасады.

Тарихи деректер Қасым хан тұсында хандықтың халықаралық беделі жоғары болғанын растайды. Оның ұстанған құқықтық саясаты мемлекеттің басқару жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, көшпелі мемлекеттің ұзақ мерзімді дамуына негіз салды. Бүгінгі Қазақстан үшін Қасым ханның құқықтық реформалары - өткеннің тарихи ескерткіші ғана емес, қазіргі құқықтық жүйенің рухани-идеялық тірегі. “Қасқа жолдың” мазмұнында жатқан негізгі құндылықтар қазіргі заманғы заңнамалық үдерістерде де өзектілігін жойған жоқ. Әділдікке негізделген шешімдер, заң алдындағы теңдік, халықтың құқықтық мәдениетін арттыру - Қасым хан дәуірінен бастау алған құқықтық дүниетанымның жалғасы болып табылады. Осылайша, Қасым ханның құқықтық қызметі қазақ мемлекеттілігінің құқықтық негізін қалап, қазақ халқының саяси бірлігін сақтауға мүмкіндік берген құдіретті тарихи қадам болды. Оның заңдары бірнеше ғасыр бойы халық жадында сақталып, уақыт сынынан сүрінбей өткен ұлттық құқықтық мәдениеттің алтын арқауына айналды. Қасым хан қалыптастырған құқықтық жүйе бүгінгі күні де өзінің мағыналық тереңдігі, рухани салмағы және ұлттық құқықтық ойға қосқан үлесі арқылы құндылығын жоғалтпай отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Марғұлан Ә. Ежелгі дәуірдегі қазақ мәдениеті. - Алматы: Санат, 2000. - 368 б.
2. Ермеков Ә. Қазақ хандығы дәуіріндегі әлеуметтік қатынастар. - Астана: Фолиант, 2014. - 254 б.
3. Ахметова Г. Т. Қазақ құқықтық мәдениетінің тарихи бастаулары. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 210 б.
4. Қойгелдиев М. Қазақ мемлекетінің қалыптасу тарихы. - Алматы: Атамұра, 2012. - 320 б.
5. Сұлтанов Т. Қазақ хандығының тарихы. - Алматы: Дәуір, 2008. - 224 б.
6. Өсеров Н. Қазақтардың дәстүрлі неке және отбасы құқықтары. Алматы, 2010. - 130 б.
7. Нысанбаев А. Қазақ философиясы және руханияты. - Алматы: Жібек жолы, 2004. - 268 б.
8. Тәжіғұлова С. Қазақ әдет құқығының ерекшеліктері. - Шымкент: ОҚМУ баспасы, 2018. - 148 б.
9. Әлпейісов Қ. Қазақтың құқықтық дәстүрі. - Астана: Л.Н. Гумилев ЕҰУ, 2011. - 294 б.

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ: МАЙДАН АРСЕНАЛЫ ЖӘНЕ ТЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ ЕРЛІГІ

Қоспаев Б.

Ғылыми жетекшісі: PhD, аға оқытушы М.Қ. Муталиев
Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы қ.

Бұл мақалада Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қарағанды өңірінің майдан арсеналы ретіндегі стратегиялық рөлі жан-жақты қарастырылады. Зерттеуде көмір бассейнінің Одақ үшін

энергетикалық базаға айналуы, эвакуацияланған кәсіпорындар мен мамандардың келуінен туындаған өндірістік өрлеу, жаңа шахталар мен зауыттардың ашылуы, инфрақұрылымның кеңеюі нақты архивтік деректер негізінде сипатталған. Сонымен қатар әйелдер мен жастардың тылдағы еңбекке жаппай жұмылдырылуы, эвакуацияланған балаларды қабылдау мен әлеуметтік қамқорлық жүйесі талданады. Қарағандының соғыс жылдарындағы өнеркәсіптік, әлеуметтік және гуманитарлық қызметтері оның майдан жеңісіне қосқан ерекше үлесін көрсетеді.

Кілт сөздер: Қарағанды, Екінші дүниежүзілік соғыс, Ұлы Отан соғысы, көмір бассейні, эвакуация, тыл еңбеккерлері, әйелдер мобилизациясы, индустрияландыру, майдан арсеналы.

В статье всесторонне анализируется стратегическая роль Карагандинского региона в годы Второй мировой войны как «арсенала фронта». На основе архивных материалов раскрывается превращение Карагандинского угольного бассейна в ключевую энергетическую базу Союза, увеличение промышленных мощностей вследствие эвакуации заводов и специалистов, открытие новых шахт и заводов, расширение инфраструктуры. Особое внимание уделено массовой мобилизации женщин и подростков на трудовые фронты, деятельности по приёму и социальной поддержке эвакуированных детей. Комплексный анализ демонстрирует значительный вклад Караганды в промышленное, социальное и гуманитарное обеспечение Победы.

Ключевые слова: Караганда, Вторая мировая война, Великая Отечественная война, угольный бассейн, эвакуация, тыловые работники, женская мобилизация, индустриализация, арсенал фронта.

This article provides a comprehensive analysis of the strategic role of the Karaganda region during the Second World War as a key “arsenal of the front.” Based on archival sources, the study examines the transformation of the Karaganda coal basin into the main energy base of the Soviet Union, the expansion of industrial capacity through the relocation of factories and specialists, and the rapid construction of new mines and plants. Special attention is given to the mass mobilization of women and youth for labor in the rear, as well as the system of receiving and supporting evacuated children. The findings demonstrate Karaganda’s significant industrial, social, and humanitarian contribution to the Soviet war effort.

Keywords: Karaganda, Second World War, Great Patriotic War, coal basin, evacuation, labor mobilization, women’s mobilization, industrial expansion, wartime industry.

Адамзат тарихында үлкенді-кішілі он бес мыңға жуық соғыс өткен. Бірақ солардың ішінде ауқымы, құрбандықтары мен алапаттығы жағынан ең жантүршігерлігі - Екінші дүниежүзілік соғыс және оның құрамдас бөлігі - Ұлы Отан соғысы болды [1]. Бұл алапат соғыс басталған сәттен-ақ Қазақстан халқы мен оның өндірістік әлеуеті майдан қажеттіліктеріне толықтай жұмылдырылды. Сондықтан бұл кезенді ұлттық тарихтың шешуші бетбұрыстарының бірі деп қарастыруға толық негіз бар.

Екінші дүниежүзілік соғыс 1939 жылы 1 қыркүйекте Гитлер Германиясының Польшаға басып кіруімен басталды [1]. Бір мемлекеттің шекарасынан басталған бұл агрессия көп ұзамай әлемдік қалыптасқан айналып, адамзат тарихындағы ең қанды кезенді қалыптастырды. 1937-1938 жылдары КСРО-дағы кәсіби офицерлер құрамының жаппай репрессияға ұшырауы, әскери дайындықтың әлсіздігі алғашқы айларда елеулі шығындарға алып келді [1]. Соғыстың алғашқы кезеңіндегі ауыр жағдай бүкіл кеңестік кеңістіктің, соның ішінде Қазақстанның, толық мобилизациясына әкелді.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан халқының ерлігі, тылдағы еңбектің ауқымы мен маңызы туралы мәліметтер соғыс жылдарында-ақ мерзімді басылымдарда жарияланғанымен, бұл тақырыптың жекелеген аспектілері - әсіресе әйелдердің мобилизациясы [2], эвакуацияланған халықты қабылдау жүйесі, аймақтардың майданды қамтамасыз етудегі нақты үлесі - ғылыми әдебиетте толық зерттелмей келген [3].

Осы тұрғыдан алғанда, соғыс жылдарындағы Қарағанды өңірінің рөлі ерекше назар аудартады. Донбасс оккупацияланғаннан кейін Қарағанды көмір бассейні бүкіл Одақтың негізгі энергетикалық базасына айналып, өңірге эвакуацияланған кәсіпорындар мен жұмысшылар аймақтың өндірістік қуатын күрт арттырды. Мұндай жағдай Қарағандыны «майдан арсеналына» айналдырған әлеуметтік, экономикалық және еңбек процестерін жан-жақты зерттеуді талап етеді.

Екінші дүниежүзілік соғыстың алғашқы жылдарында Қарағанды көмір бассейні бүкіл Одақ үшін стратегиялық маңызы бар өнеркәсіптік аймаққа айналды. Украинадағы Донбастың жау қолында қалуы салдарынан Қарағандыға бұл өңірден 10 мыңнан астам жұмысшы мен маман, оның ішінде шамамен 3200 кенші мен 2000 құрылысшы эвакуацияланды [3]. Бұл кадрлар тапшылығын едәуір жеңілдетіп, жаңа шахталар салу мен бар кеніштердің жұмысын күшейтуге мүмкіндік берді. 1941 жылы қалаға Ворошиловградтағы А. Пархоменко атындағы көмір машина жасау зауыты көшіріліп әкелінді. Оның базасында тау-кен жабдықтарын шығаратын зауыт ұйымдастырылып, ол Қарағанды облысының шахталары мен кеніштерін ғана емес, сонымен бірге Сібір мен Қиыр Шығыс көмір бассейндерін де техникамен қамтамасыз ете бастады [3].

Соның нәтижесінде 1941 жылы үш жаңа шахта, ал 1942 жылы он екі шахта мен екі көмір разрезі іске қосылды [3]. Бұл деректер эвакуацияланған кәсіпорындар мен мамандардың Қарағандыдағы өндірістік әлеуетті кеңейтуге тікелей ықпал еткенін және өңірдің майдан арсеналы ретіндегі рөлін күшейткенін көрсетеді. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қарағанды көмір бассейні Қазақстан өнеркәсібінің ғана емес, бүкіл Кеңес Одағының стратегиялық тіректерінің біріне айналды. Донбасс уақытша жау қолында қалған жағдайда, өнеркәсіп пен транспортты көмірмен қамтамасыз ету міндеті ең алдымен Қарағандыға жүктелді. Зерттеулерде көрсетілгендей, 1940 жылы республика бойынша өндірілген көмір көлемі 6 654 мың тоннаны құраса, 1944 жылы бұл көрсеткіш 11 177 мың тоннаға дейін өсіп, 68 %-ға артқан [4]. Бұл өсімнің негізгі бөлігін Қарағанды бассейні қамтамасыз етті, ол республика көмірінің 96,6 %-ын берген [4]. Осы деректердің өзі Қарағандының майдан экономикасындағы орнының қаншалықты маңызды болғанын дәлелдейді.

Соғыс жылдарында Қарағанды көмір бассейні тек бұрынғы қуаттарын сақтап қана қойған жоқ, қысқа мерзім ішінде өндірісті бірнеше есеге ұлғайтты. Автордың келтірген мәліметтері бойынша, 3,5 жыл ішінде бассейн соғысқа дейінгі дәл сондай мерзіммен салыстырғанда 12 357 мың тоннаға артық көмір өндірген [4]. Егер 1854 жылдан 1940 жылға дейінгі бүкіл кезеңде 30 741 мың тонна көмір өндірілсе, төрт соғыс жылында ғана 34 443 мың тонна көмір берген [4]. Бұл салыстыру Қарағанды өнеркәсібінің соғыс жағдайында қалай «үдетілген режимде» жұмыс істегенін айқын көрсетеді. Мұндай серпін, ең алдымен, өндірістік инфрақұрылымды кеңейтумен байланысты болды. Соғыс жылдары Қарағанды бассейнінде 19 жаңа шахта мен 3 көмір разрезі іске қосылып, олардың жалпы жылдық қуаты 5 945 мың тоннаны құрады [4]. Оның ішінде ең ірі нысандардың бірі - жылына 1 800 мың тонна көмір өндіретін №4 механикаландырылған разрез болды [4]. Жаңа шахталар мен разрездердің ашылуы фронтқа жіберілетін көмір көлемін арттырумен қатар, өңірдің ұзақ мерзімді индустриялық дамуына да негіз қалады.

Қарағанды өнеркәсібінің кеңеюі тек көмір өндірумен шектелген жоқ. Соғысқа дейін аймақта құрылыс индустриясы әлсіз болғанымен, әскери уақыттың талабы бұл бағытты да жедел дамытуға итермеледі. Зерттеуде соғыс жылдары Қарағандыда екі шыны зауыты, фарфор зауыты, шамотты кірпіш шығаратын кірпіш зауыты, кеңейтілген цемент зауыты және барлық құрылыс нысандарын ағаш материалдарымен қамтамасыз еткен ағаш өңдеу комбинаты іске қосылғаны айтылады [4]. Бұған қоса, бұрын жарылғыш заттардың жетіспеушілігінен көмір өндіру үнемі тоқтап қала жаздаса, соғыс жылдары салынған №4 «Д» зауыты бассейнді толықтай жарылғыш материалдармен қамтамасыз етіп, сырттан тәуелділікті жойды [4]. Бұл деректер көмір өндірісінің кеңеюімен қатар, Қарағандыда көпсалалы өнеркәсіптік кешеннің қалыптаса бастағанын көрсетеді.

Индустриялық өсім ауқымды капитал салымдарымен сүйемелденді. Мақалада 1941 жылы Қарағандыдағы жаңа шахталар мен тұрғын үй құрылысына 33 885 мың рубль бөлінсе, 1944 жылы бұл көрсеткіш 103 659 мың рубльге дейін өсіп, екі соғыс жылының ішінде капитал салымдарының 306 %-ға артқаны көрсетіледі [4]. Үш жыл ішінде жалпы капиталдық салым 191 164 мың рубльге жетіп, 94 508 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген [4]. Яғни, Қарағанды тек майдан қажеттілігі үшін емес, соғыстан кейінгі кезеңге арналған тұрақты индустриялық орталық ретінде дамытылды. Соғыс жылдарында Қарағанды өнеркәсібінің дамуына химия және энергетика салаларындағы өзгерістер де елеулі әсер етті. Карагандинский завод №727 республикада органикалық синтез өнеркәсібінің бастауына айналып, синтетикалық каучук пен карбид-кальций өндіруді жолға қойды [4]. Бұл өнімдер әскери өндірістің түрлі салалары үшін аса маңызды болды. Сонымен қатар, Қарағанды мемлекеттік аудандық электр станциясының (ГРЭС) салынуы өңірдің шахталары мен зауыттарын тұрақты электр энергиясымен қамтамасыз етіп, көмір өндіру мен әскери маңызы бар өнім шығару қарқынын ұстап тұруға мүмкіндік берді [4]. Осы деректерге сүйене отырып, Қарағандыны эвакуацияланған кәсіпорындарды қабылдаған, жаңа шахталар мен зауыттар салған және қысқа мерзімде өндірістік қуатын бірнеше есеге арттырған ірі индустриялық орталық ретінде сипаттауға болады. Соғыс жылдарындағы бұл өзгерістер Қарағандыны Қазақ КСР-дің ғана емес, бүкіл Кеңес Одағының майдан арсеналы деңгейіне көтерді.

Соғыс басталғаннан кейін Қарағанды аймағында жұмыс күшінің жетіспеушілігі елдегі жалпы тенденцияның бір бөлігі ретінде айқын сезілді. Ер адамдардың майданға жаппай аттануы тылдағы ауыр өндірісті тоқтатпау үшін әйелдер мен жасөспірімдердің жедел түрде еңбекке жұмылдырылуын талап етті. Қазақстан бойынша мобилизацияланған әйелдердің саны 9,5 мыңнан астам болғаны архивтік деректер арқылы көрсетіледі [2]. Бұл көрсеткіш әйелдердің соғыс жылдарындағы еңбек және әскери міндеттерге кең көлемде тартылғанын дәлелдейді.

Зерттеулерге сүйенсек, әйелдер мобилизациясының негізгі толқыны 1942-1943 жылдары жүрген [2]. Бұл кезеңде тылдағы өндіріс көлемі артып, көмір, металлургия, құрылыс және әскери зауыттардың өнімдері үшін жұмысшылардың тапшылығы күшейген болатын. Мұндай жағдайда

әйелдер көмір разрездерінде, шахталарда, зауыттарда және әскери өнім шығаратын объектілерде белсенді жұмыс атқарды.

Мобилизацияға қатысты архивтік мәліметтер Ресей және Қазақстан архивтері негізінде жинақталғаны да көрсетіледі [2]. Бұл деректердің ресмилігі мен сенімділігін арттырады. Әсіресе Қарағанды аймағына қатысты маңызды мәліметтердің бірі - Қарағанды университетінің зерттеу тобының өңірдегі қыздардың еңбекке жұмылдырылуын арнайы зерттеуі. Мақалада: «generalized data of the research group of the Karaganda University on the mobilization of girls» деп нақты көрсетілген [2]. Бұл Қарағандыда әйел кадрларының соғыс қажеттілігі үшін мақсатты түрде дайындалғанын, олардың аймақтық деңгейдегі рөлінің жоғары болғанын дәлелдейді. Сонымен бірге зерттеу авторы Қазақстан тарихнамасында көрсетілген көрсеткіштер әйелдер мобилизациясының нақты ауқымын толық қамтымайтынын, шынайы санның бұдан едәуір жоғары болғанын атап өтеді [5]. Бұл тұжырым тылдағы еңбекке тартылған әйелдердің шынайы үлесін толық көрсетудің маңызын айқындайды.

Осылайша, Қарағанды өңіріндегі әйелдер мен жастардың еңбегі тылдағы өндірістің үздіксіз жүруін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарды. Ауыр физикалық жұмыстар, тәулік бойы орындалған нормалар және мамандықты тез меңгеру - мұның барлығы соғыс жағдайында аймақ экономикасының күйреуіне жол бермеді. Өндірістік саладағы еңбек мобилизациясы осылайша табысты ұйымдастырылса, тылдағы әлеуметтік бағыттағы жұмыстар да кең көлемде жүргізілді. Оның ішінде ең күрделі міндеттердің бірі - эвакуацияланған балаларды қабылдау және орналастыру болды. Соғыс жылдарында Қарағанды облысы эвакуацияланған балаларды қабылдаудың маңызды орталықтарының біріне айналды. Зерттеуде 1941-1942 жылдары еврей балаларын арнайы Қарағанды облысына эвакуациялау фактісі нақты көрсетіледі, бұл аймақтың соғыс жылдарындағы гуманитарлық рөлін дәлелдейді [5]. Эвакуацияның бұл кезеңі КСРО бойынша ең күрделі кезеңдердің бірі болғандықтан, Қарағандының осындай жауапкершілікті өңір ретінде таңдалуы оның қауіпсіз, тұрақты тылдық аймақ саналғанын көрсетеді.

Эвакуацияланған балалар туралы құжаттардың елеулі бөлігі Қарағанды облыстық мемлекеттік архивінде сақталғаны да зерттеуде атап өтіледі [5]. Архив қорларында эвакуацияланған балалар үйлерінің орналастырылуы, күнделікті тұрмысы, азық-түлік нормалары, медициналық тексерулер, киіммен қамтамасыз ету және тәрбие жұмыстары жөніндегі мәліметтер жүйелі түрде тіркелген. Мәселен, ГА КО - Ф. 469, Оп. 1, Д. 167 қорындағы құжаттар Қарағандыға қабылданған нақты балалар үйінің іс-қағаздарын қамтиды [5]. Балалар КСРО-ның 20-дан астам республикасы мен облыстарынан эвакуацияланғаны көрсетілген [5]. Бұл дерек Қарағандының соғыс жылдарында көпсанды эвакуациялық лекке дайындалған ірі қабылдау пункті болғанын дәлелдейді. Балалар жол үстінде және эвакуацияланған алғашқы кезеңдерде материалдық-тұрмыстық қиындықтарға тап болғаны анық жазылған [5]. Сондықтан оларды орналастыру, тұрмыстық жағдайларын жақсарту және қажетті көмек көрсету мәселелері жергілікті органдардың алдына маңызды міндет ретінде қойылды. Зерттеу деректеріне сәйкес, тұрғын үйге орналастыру, азық-түлікпен қамтамасыз ету, киім-кешек бөлу, медициналық қызмет көрсету, білім беру және тамақтандыру мәселелерін шешу Қарағандыдағы жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігіне жүктелді [5]. Бұл балаларды толық әлеуметтік бейімдеу бағытында аймақта кең көлемді жұмыстар жүргізілгенін көрсетеді. Тұрмыстық қиындықтарға қарамастан, Қарағанды халқы мен жергілікті билік эвакуацияланған балаларды қамқорлыққа алып, олардың соғыс кезіндегі өмірін барынша тұрақтандыруға күш салды.

Ұлы Отан соғысының алғашқы айларында-ақ Қарағанды көмір бассейні бүкіл Кеңес Одағы үшін стратегиялық маңызға ие тылдық аймаққа айналды. Донбасс уақытша жау қолында қалғаннан кейін Қарағанды көмірі ауыр өнеркәсіп, металлургия және теміржол жүйесінің негізгі энергия көзі болды. Бұл жағдай аймақтың өндірістік жүктемесін күрт арттырып, оны «майдан арсеналының» маңызды бөлігіне айналдырды. Ғалым А. Гапеев Қарағандының рөлі туралы: «Қарағанды облысы Одақтың өнеркәсібі мен көлік қажеттіліктерін қамтамасыз етуде Шығыстағы қуатты база болып табылады» деп жазған [6]. Бұл баға аймақтың соғыс жылдарындағы көмір өндірісін бірнеше есе арттыруымен тікелей байланысты еді.

Қарағанды көмірінің сапалық артықшылығы - әсіресе кокс шығару мүмкіндігі - оны Магнитогорск сияқты алып металлургия орталықтарының негізгі шикізат көзіне айналдырды. Мұның өзі жеңіл үшін аса маңызды ауыр танктер мен қару-жарақ өндірісін үздіксіз қамтамасыз етуге ықпал етті. Сондықтан соғыс жылдарында көмір өндіру жоспары бірнеше рет асыра орындалды, ал аймақ шахталары Одақ көлемінде ең үздік көрсеткіштердің бірін көрсетті. Сонымен қатар тылдағы еңбек көрсеткіштерін көтеру мақсатымен 1942 жылы Қарағанды қалалық кеңесі мен «Қарағандыкөмір» тресі социалистік жарыс жариялады. Нәтижесінде көптеген шахтерлер жоспарды айтарлықтай асыра орындады. Мәселен, Калинин атындағы шахтаның кеншісі Ибраев жеті айда **811 тонна**, ал кенші Апсаттаров **1300 тонна** көмірді жоспардан артық өндірген [6]. Мұндай жетістіктер Қарағанды

көміршілерінің майдан үшін жанкешті жұмыс істегенін айқын көрсетеді. Шахталардың үздіксіз жұмысы үшін еңбектің жаңа әдістері енгізіліп, озық жұмысшылар тәжірибесі кеңінен таратылды.

Қарағандының майданға қосқан тағы бір зор үлесі - әскери техниканы жасауға қаржылай қолдау көрсетуі. Аймақ еңбекшілері «Қарағанды колхозшысы», «Қарағанды шахтері», «Қазақстан металлургі» танк колонналарын жасауға елеулі қаржы жинап, бұл үшін Сталин мен Қазақстан басшылығынан арнайы алғыс жеделхаттар алған [6]. Мұндай бастамалар Қарағанды халқының патриоттық жігерін, майдан қажеттілігіне деген жауапкершілігін және өңірдің бүкілодақтық маңызын айқындайды. Соғыс жылдары Қарағанды тек көмір өндіру жағынан ғана емес, экономикалық және рухани тұрғыда да нағыз тірек тылға айналды.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Қарағанды өңірінің дамуы мен тылдық қызметі - Қазақстан тарихындағы аса маңызды, бірақ ұзақ уақыт бойы толыққанды зерттелмеген құбылыстардың бірі. Кіріспеде атап өтілгендей, соғыс басталғаннан кейінгі ауыр жағдай Кеңес Одағын толық мобилизацияға түсіріп, Қазақстанды және оның ішінде Қарағандыны бүкілодақтық өнеркәсіптік жүйенің негізгі тіректерінің біріне айналдырды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері Қарағандының бұл рөлді тек көмір өндіруді ұлғайту арқылы ғана емес, эвакуацияланған кәсіпорындарды қабылдау, жұмыс күшін ұйымдастыру, әлеуметтік-тұрмыстық міндеттерді орындау сияқты көпқырлы бағыттарда атқарғанын көрсетті.

Донбасс оккупацияланғаннан кейін Қарағанды көмір бассейні Одақтың энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты орталығына айналды. Эвакуацияланған зауыттар мен мамандардың келуі өңірдің өндірістік әлеуетін күшейтіп, Қарағандыны нағыз «майдан арсеналына» айналдырған жаңа индустриялық құрылым қалыптастырды. Әйелдер мен жастардың жаппай еңбекке жұмылдырылуы, өндірістік жоспардың бірнеше есе артуы - аймақ экономикасының соғыс жағдайында бейімделуін және тұрақтылығын дәлелдейді.

Зерттеу барысында анықталған тағы бір маңызды бағыт - эвакуацияланған балаларды қабылдау мен орналастыру жүйесі. Архивтік деректер Қарағандының тек өндірістік орталық қана емес, соғыс жылдарында маңызды гуманитарлық аймаққа да айналғанын көрсетті. Балаларға, қарттарға және эвакуацияланған отбасыларға көрсетілген қолдау тылдық бірліктің жоғары деңгейін дәлелдейді.

Осылайша, зерттеу мақсатында қойылған міндеттер толық орындалды. Қарағанды өңірі Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары тек көмір өндірумен шектелмей, майдан мен тылдың барлық бағытында күрделі, көпсалалы қызмет атқарғаны дәлелденді. Жалпы талдау нәтижелері Қарағанды облысының Жеңіс жолындағы үлесі ұлттық тарих контекстінде ерекше маңызға ие екенін айқын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Вознесенский Н.А. Военная экономика СССР в период Отечественной войны. - М., 1947.
2. Кочкорбаева Э.Ш. Женская мобилизация в Казахстане в годы Великой Отечественной войны. - 2020.
3. Ахметов А., Винкерт В.В., Шатверян Н.Г., Овсянникова Н.Б. Публикации о тыл еңбеккерлері, баспасөз материалдары (1941-1945). - 2020.
4. Аккузинов А.К. Промышленный потенциал Казахской ССР в годы Великой Отечественной войны (1941-1945). // Вестник Самарского университета, 2023, №4.
5. Evacuation of orphanages and boarding schools during the Great Patriotic War to the Kazakh SSR.
6. Гапеев А. Роль Карагандинской области в обеспечении нужд фронта и тыла. // Қарағанды туралы жіберген 2047-Текст статьи-6586... PDF.

ТАРИХ САБАҒЫНДА ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Идрис Ш.Ш.

Ғылыми жетекшісі : п.ғ.к., доцент Садуова Ж.Н

Халықаралық туризм және меймандостық университеті Гуманитарлық мектеп.

zhanar.saduova@iuth.edu.kz

Түркістан қаласы

Мектептегі тарих пәні оқиғаларға, даталарға, тұлғаға. т.б. ең қарқынды пәндердің бірі болып табылады, түсінуді және есте сақтауды қажет ететін барлық нәрсе. Білім алушы ақпарат аяғынында адасып қалмай, алған біліміне сүйене отырып, өз ойын қалай құрастыруға болады. Бұл үшін «эмоционалды интеллект» оқыту үдерісін ұйымдастыруға табысты көмектеседі.